

Құнды қос кітап

Алла өлшеп берген ғұмырында еліне еңбек сіңіріп, бақиға кетсе де жарқын істері жалғаса беретін адамдар болады. Осын-дай абыз ақсақалдың бірі Серік Жақсыбаевтың өнегелі істері өзі өмірден өтсе де үлгі бола бермек. Екіbastұздықтар қазыналы қартты шежіреші, өлкетанушы ретінде жақсы биледі.

Кенже ҚУАТ



Серік Имантайұлы Ресейдің Новосібір пісі, Довольное ауданының Довольно ауылында дүниеге келген. Қазақ орта мектебін Павлодар қаласында бітіріп, одан әрі Қазақ тау-кен металлургия институтын (қазіргі Қаз ҰТУ) тәмамдаған. Қарағанды, Екібастұз қалаларының көмір кәсіпорындарында көп жыл еңбек етіп, жаңашылдығымен танылған С.Жақсыбаевқа 1983 жылы «КСРО Көмір өнеркәсібінің құрметті қызыметкері» атағы берілген. Оның Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институтында кафедра менгерушісі болып қызымет еткені екібастұздықтарға мәлім. КСРО және Қазақстан журналистер одағының мүшесі, экономика ғылымдарының кандидаты, Екібастұз қаласының Құрметті азаматы. Павлодар өнірінің экономикалық-әлеуметтік, қоғамдық өміріне, өлкетану саласына қосқан зор үлесі үшін «Павлодар облысы алдында сіңірген еңбегі үшін» белгісіне, «Қазақстанның үздік өлкетанушысы» белгісіне ие болған. 65 жыл бойы ғылыми ізденіс, шығармашылықпен шұғылданған ағамыз 70-тен аса ғылыми еңбек, 4 монография, он шақты кітап жазған. Қазыналы қарт артында қалған жүртynna елмейтүғын сөз, құнды зерттеулерін мұра етті. Соның бірі – кезі тірісінде өуелгі данасы қолына тиғен «Ғылым Құраннан басталады» атты кітабы.

Өлкетанушы, қаламгер ағамыз қайтыс боларының алдында баспаға «Мұса Шорманов» атты кітабын да тапсырған көрінеді. Сөз болып отырған екі кітаптың тұсаукесері орталық кітапханада өтті. «Мұса Шорманов» монографиясы С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің доценті Ернұр Рахимовпен және Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры Алтынбек Нұхұлымен бірлесіп жазылған.

Шараның басында марқұмның өруағына дұға бағышталды. Бұдан соң

кеш қонақтары - доцент Е.Рахимов пен ақын Ж.Қоғабаев кітаптар буылған көк лентаны қиды. Ернұр Кендібайұлы Алтынбек Нұхұлымың сәлемін жеткізіп, Серік Жақсыбаевқа арналған «М.Шорманов – 200» мерейтойлық медалін марқұмның өйеліне табыстағы. «Мұса Шорманов» кітабының бір данасын марқұмның немересіне, тағы 3 кітапты орталық кітапханаға тапсырды.

Зайыбы Шолпан апай Серік Жақсыбаев туралы естелігінде былай деді:

- «Ғылым құраннан басталады» деген кітапты бірнеше тарау етіп шығармақшы еді. Оған үлгермеди. Бір бөлімді жазып аяқтаған кезде «Мен болдым» деген-ді. Расымен, ғұмырының соған ғана жеткенін сезгендей екен.

Сөзінің соңында Шолпан апай кітапқа демеушілік көмек көрсеткен «Екібастұз дауысы - ақпараттық орталығы» ЖШС директоры Айдын Қояғановқа, сондай-ақ, кешті үйымдастырған Ерболат Әміренов пен орталық кітапхана қызыметкерлеріне алғыс білдірді.

Серік Имантайұлы аталған кітапта Алланың ұлылығын айта келе, Құран Қерімде жазылған жайлардың ғылымда енді белгілі болып жатқанын фактілермен баяндапты. Қалалық мешіттің наib имамы Қайролла Әбілдәбекұлы марқұм тындырған игі істер туралы айта келе:

- Серік ақсақал сәждеге басы тимесе де, сауапты іс жасады. Оның ел-жүртynna сіңірген қызыметі, ғылымға қосқан үлесі қабіріне нұр болып төгіледі, - деді.

Айта кетелік, «Мұса Шорманов» атындағы қордың демеушілігімен жарық көрғен кітап орыс тілінде шықкан. Кітап енді қазақшага аударылып, келесі жылы басылып шығады.

Кітапта Мұса Шормановтың XIX ғасырдың 30-40-шы жылдарында атқарған қоғамдық және мемлекеттік қызыметі қамтылған. Сондай-ақ, аға сұлтаннның этнографиялық еңбегі туралы құнды де-ректер бар.